ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

X Астана экономикалық форумы аясындағы

# «ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

15 маусым 2017ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых

# «УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»

под эгидой X Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

15июня 2017г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars

# «ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»

in the framework of the X Astana Economic Forum

**PART II**

15 June 2017

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

**УДК 330.(063)**
**ББК 65.01**
**Ә53**

**Редакционная коллегия:**
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой«Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

**Ә53** **Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

**Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars **«Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities»** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

**ISBN 978-9965-31-871-9**
**ISBN 978-9965-31-869-6**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілетілігін жоғарылату мәселелеріқарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issuesof Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

**ISBN 978-9965-31-871-9**
**ISBN 978-9965-31-869-6** **УДК 330 (063)**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2017

значимых показателях эффективности инвестиционного проекта, сама инвестиционная привлекательность хозяйствующего субъекта может быть низкой, под влиянием макроэкономических и отраслевых рисков. Для стратегического инвестора не будут достаточно убедительными аргументы инвестирования средств в предприятие, если развитие отрасли в масштабах международной экономики находится в кризисном состоянии. Также, несмотря на всю финансовую выгодность проекта, риск политической и экономической нестабильности в государстве сведет на нет любые усилия по привлечению инвестора. Поэтому также очень важно правильно учесть влияние макроэкономических, региональных и отраслевых рисков, а также стадию жизненного цикла компании.

**Литература:**

1. «Value Creation and Enhancement: Back to the Future» Stern School of Business. Fernandez, P., 2002,
2. Бланк И.А. Основы финансового менеджмента. Т.1. – К.: «Ника-Центр», 1999
3. Бирман Г., Шмидт С. Экономический анализ инвестиционных проектов. Пер. с англ. Под ред. Л.П.Белых. – М.: ЮНИТИ, 1997;
4. Бочаров В.В., Леонтьев В.Е. Корпоративные финансы. – СПб: Питер, 2004
5. Валинурова Л.С. Управление инвестиционной деятельностью: Ученик. – М.: КНОРУС, 2005
6. Крейнина М.Н. Анализ финансового состояния и инвестиционной привлекательности акционерных обществ в промышленности, строительстве и торговле. – М.: Дело и Сервис, 1994.

## КӘСІПТІ БАСҚАРУ – КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЖЕТІСТІК КӨЗІ

***Молдашов Н.О., Смаилова Д.Ө.***
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіАстана қ., Қазақстан
E-mail: NOMMON61@mail.ru, Didara_Sm@mail.ru

Басқару –кәсіпорын қызметін реттеуге, қорғауға, қойылған мақсатқа сай нысанның жүйесін өзгертуге, субъектінің нысанға әрекет ету процессі. Басқару адамның іс-әрекетінің түрі ретінде қоғамның пайда болған кезеңімен байланыстыруға болады. Әрбір тарихи кезең басқару субъектілерінің қатынасын,ынталандыру әдістерін, ұйымдастыру үрдісіне өз түзетулерін енгізді.Дегенмен тек ХХ ғасырда ғана басқаруға ғылыми көзқарас пайда болып, дами бастады. Басқару өндірісте қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде пайда болды. Басқару адам тұрмысының ажырамас бөлігі, онсыз адамдардың қоғамдық қызметі де, жалпы қоғамның дамуы мүмкін емес. Ал,тиімді басқару дамудың негізгі факторларының бірі. Басқару теориясын белгілі бір ережелерге сүйенген қисынды реттелген принциптер, әдістер және өңделген ақпарат негізінде эмпирикалық жолмен немесе бірқатар нақтылы ғылымдардан алынған басқару технологиялары жүйесі ретінде қарастыруға болады.

Басқару ісін жетілдіруге мындаған жылдар бойы адамдар қажырлы еңбек етіп, оны тиімді ұйымдастыру кажет болды.Басқару мәселесін қоғамның әр түрлі саласындағы ілімдер өздерінің зерттеу пәндеріне байланысты қарастырып, сан алуан теориялар қалыптастырды. Біздің заманымызға дейінгі үшінші мың жылдыкта сазбалшыктан істелген табличкаларда көне жүйелердің коммерциялык келісімдері мен заңдар туралы деректер жазылған. Мұның өзі басқару практикасының алғашқы қоғамдық кезеннен бастап болғандығын дәлелдейді.

Көне египеттіктер (мысырлықтар) бізге жазбаша басқару туралы еңбектер қалдырған. Осыдан 4 мың жылдай бұрын жазылған «Птаххотепа үйретуі» кітабында казіргі басқару мәселесі әлі күнге дейін мәнін жоғалтпаған. Мысалы, тамаша төмендегідей құнды пікір айтылады: «Егер сен басшы болсан байсалды бол. Өтініш айта келген адам саған ойын айтып

біткенше сөзін бөлме. Бакытсыздыкка тап болған адам, өз мәселесін дұрыс шешкеннен гөрі, ақтарыла сөйлеп, іштегі шерін тарқатқанды жөн санайды» [1].

Қазіргі кезде басқарудың теориясы Ф.Тейлор, Х.Гилберт Г.Гант, Г.Эмерсон және Г.Форд сияқты ғалымдардың еңбектерімен тығыз байланысты. Американдық ғалым П.Друкердің пікірі бойынша «басқару — бұл ұжым ұйымын тиімді, белгілі бір мақсатқа бағытталған топқа айналдыратын қызмет етудің айрықша бір түрі» [2].

ҚР Президентінің Қазақстан халқына арнаған ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында Ұлттық экономикамыздың жетекші күші - кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау мәселесін көтергені белгілі. Осыған байланысты мемлекеттік басқарудың келесі негізгі міндеттер анықталды**:**

1. Шағын және орта бизнесті дамыту;

2.Мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің жаңа үлгісі «Қуатты бизнес - Қуатты мемлекет» қалыптастыру;

3. Жекешелендірудің жаңа кезеңіндегі- мемлекет рөлінің өзгеруі [3].

Бизнесті басқару жүйесі, басқарудың барлық деңгейлеріндегі бизнесті қолдайтын тиісті инфрақұрылым құру арқылы кәсіпкерлік қызметті жандандыруды мақсат етеді. Шағын бизнесті басқаруда жүйені құрушы элементтер ретінде кәсіпкердің өзін және басқару объектісі ретінде кәсіпорынды құруға және жұмыс істеуге қажетті - қорларды айтуға болады.

Кәсіпкерлікті басқару жүйесінің тұтастығы дегеніміз - жүйе қасиеттерінің барлық уақытта тек қана оның элементтерінің қасиеттерінен тұруын білдірмейді. Кәсіпкерлікті басқару жүйесі тұтас жүйе ретінде, оны құрайтын элементтерінің қасиеттерінен ерекше жаңа қасиеттермен сипатталады. Барлық элементтер тікелей немесе жанама түрде бір - бірімен байланысты, сондықтан олардың бірінің жойылуы немесе бір элементтің қосылуы жалпы алғанда жүйенің қалған элементтері арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруіне алып келеді. Әрбір жүйені жүйенің анағұрлым жоғарғы ретті элементі ретінде қарастыруға болады. Кез келген жүйенің элементтері өз кезегінде анағұрлым төменгі жүйе де бола алады. Кәсіпкерлікті басқару жүйесіндегі жергілікті басқару жүйесі аймақтық басқару жійесінің элементі болып табылады, ал ол өз кезегінде кәсіпкерлікті мемлекетік басқару жүйесінің элементі болып табылады.

Кәсіпкерлікті басқару жүйесі, құрамына техникалық қосалқы жүйелермен қатар, адамдар да кіретіндіктен, ұйымдық-қоғамдық топқа жатады. Ұйымдық жүйе ретінде кәсіпкерлікті басқару жүйесі тек өзіне ғана тән бірқатар ерекшеліктермен сипатталады. Олардың қатарына мыналар жатады: жүйенің нысаналы сипатта жұмыс істеуі (ереже бойынша бұл көптеген мақсаттардың бір уақытта болуы) және ұйымды құрушы элементтердің (қосалқы жүйелердің) сатылы тәртіптілігімен байланысы жатады [4].

Қазіргі кезде басқаруға қойылатын талаптардың төмендегі негізгі бағыттары мен олардың даму тенденцияларын бөліп көрсетуге болады:

- басқарудың кәсіптілігін дамыту, яғни теориялық білім мен іскерлікті және тәжірибені ұштастыра білу;

- басқаруды демократияландыру – қызметтің орындалу барысымен маңызды мәселелерді шешуге әріптестерді кеңінен тарта білу және басқарушы қызметкерлерді тиімді таңдау;

- еңбек бөлінісі негізінде басқаруды мамандандыру, сол арқылы басқару еңбегінің арнайы қызметі түріне бөліне отырып басқару персоналының жіктелінуі;

- басқаруды орталықтандыру - қазіргі кездегі өндірістік жүйенің күрделігінен туындайтын өзіндік басқару мен өкілеттілік, басшылықтың бір органға жинақталуы жөніндегі тиімді аралық қарым – қатынастың орнықтылуы;

- басқару шешімдерінің көп нұсқалығы – проблемаларды шешудің ең қолайлы жолын таңдау арқылы қосымша, күттірмеген шығындарға басшылықтың жол бермеуі;

- басқару еңбегінің мәдениетінің көтеру, яғни басқару әрекетін орындауға моральдық, этикалық, құқықтық нормаларды кеңінен қолдану.

Басқару шешімдерін ойластыруда қолда бар ресустар мен қоғамдық қажеттілікке негізделген мақсат маңызды орын алады және төмендегі сипатқа ие болады:

Біріншіден, мақсат – нақтылы және өлшемді болуы тиіс, яғни оның орындалу барысын бағалаудың мүмкіндігі.

Екіншіден, мақсат – белгілі мерзіммен шектелуі тиіс, осыған орай мақсаттың: ұзақ, орта және қысқа мерзімде болуы.

Үшіншіден, ұйым мақсатының сыртқы ортаның әсері мен ішкі мүмкіндіктерге қарай айқын және оған қол жеткізуге болатындай етіп қабылдауы.

Басшы шешім қабылдап, оның орындалуын ұйымдастырып, қарамағындағы адамдардың жұмысын бақылаған кезде ол өзінің міндетіне лайық әрекет етеуі тиіс. Әйтсе де, бұл жағдайда әрбір басшы оның басшылық стилін айқындайтын басқару процесінде өзіне тән әдіс – әрекетімен, өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Барлық жағынан ұқсас екі адамның болмайтыны сияқты, бір – бірінен айнымайтын басшылық стилі де болмайды. Басшылық стиліне басшылар мен бағыныштылардың араласуымен, олардың өзара қарым – қатынасымен, бүкіл еңбек ұжымның ықпалымен қалыптасады,яғни қоғамдық мәнге ие болады.

Стиль ұжымдағы әлеуметтік қатынастардың бүкіл біртұтас ықпалымен қалыптасқанымен, ол белгілі дәрежеде басшыға да байланысты болады. Өйткені, шаруашылық пен тәрбие жұмысының табиғи байланысын практикада жүзеге асыратын тек басшы ғана. Оның қызметінің жемісті болуы көптеген күрделі факторлар арқылы анықталады.

Басшыда лидерлік қабілеттін болуы маңызды болып табылады. Лидерлік – бұл жеке адамдар немесе бір топта адамдарға әсер ету қабілеті және оларды белгілі бір мақсатқа жету үшін болатын жұмысқа байланысты үрдіс.

Басқару стилі – бұл басқарушының бағынушыларға деген үйреншікті үлгілі тәртібі, яғни ұйымның өз мақсатына жетуі үшін әсер етуі мен оларды ынталандыруы. Басқарушы өзінің биліктілігін жүргізетін дәрежеге дейінгі өзіне де қолданылған биліктің типтері және бұлардың бәрінен бұрын оның адамгершілік қарым – қатынас жасауға немесе міндетті орындауына қамқорлығы. Осының бәрі басқару стилін көрсетіп, аталған лидерді сипаттайды.

Мемлекеттік басқару коғам дамуының барысында қоғамдық қатанастарды реттеу мен тікелей практикалық ұйымдастырудағы атқаратын және реттеп отыратын іс-әрекет. Кең мағынада, мемлекеттік басқару макроэкономикалық деңгейдегі экономиканы реттеу. Ал нақтылай айтсақ, бұл: зандарды орындау барысындағы және объектілер мен адамдарға ағымдағы өкімдік жасау және олардың орындауға міндетті болып табылатын, заңдық күші бар нормативтік актілерді қабылдаумен байланысты іс-әрекет [5].

Мемлекеттік басқару белгілі бір әдістердің көмегімен іске асырылады.Басқарудың әдістері дегеніміз - әкімшілік құқық субъектілерінің іс-әрекетін ұйымдастыру.

Мемлекттік басқару жүйесін жаңғыртудың ажырамас бөлігі мемлекеттік органдарды басқару жүйесін жетілдіру болып табылады. Елбасымыз өзінің 2050 жылға дейінгі қойылған мақсатында: «мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесін әзірлеу және мемлекеттік қызметшілер үшін сапа менеджменті (ИСО) жүйесін енгізу» жөнінде тапсырмалар берді[6].

Мемлекеттік басқару сапасы дегеніміз – мемлекеттік билік органдарының анықталған және ұсынылатын қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілетіне қатысты шешімдері мен іс – әрекеттері қасиеттерінің, сипаттамаларының жиынтығы.

Қазақстан егемендікке қол жеткізген соң азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға бағыталғаны белгілі.

1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша парламенттік – президенттік басқару жүйесі тазапрезиденттік жүйеге айналды. Сонымен қатар атқарушы билік, заң шығарушы, сот билігі институттары да өзгертілген еді. Атқарушы билікті Қазақстан Республикасының Үкіметі атқарады. Оның басында парламенттің келісімімен президент тағайындайтын премьер-министр тұрады. Ол атқарушы органдар жүйесін басқарады және олардың қызмет атқаруын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік биліктің жеке тармағы ретінде сот жүйесі де өзгеріске ұшырады. Жалпы және төрелік соттар бүгінде Жоғарғы сот басқаратын бір жүйеге біріктірілді. Заң қорғау органдарының жүйесі де қайта ұйымдастырылуда. Республиканың валютасы енгізіліп, мемлекеттік рәміздер бекітілген еді. Мемлекеттегі басқару қағидаларының және үрдістерінің өзгеруі халықтын тұрмыс жағдайының жоғары деңгейге көтерілуіне бағытталған. Бұл шаралар экономикалық қатынастардың өзгеруіне алып келеді. Оның ішінде экономикасы нарықтық бағытқа бет алған Қазақстан үшін кәсіпкерлікті даму мәселесі - өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі кәсіпкерлікті дамыта отырып, нарықтық экономиканың дамуына өз әсерін тигізеді. Ал кәсіпкерлікті басқару жүйесі мемлекеттін экономикасында үлкен рөл атқарады.

Еліміздің Конституциясында: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар» екені жазылған[7].

Өркениетті елдер өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде кәсіпкерлікке арқа сүйейді. Себебі, ол халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге, еңбекпен қамтамасыз етуге мүмкінді береді.

Қазақстанда кәсіпкерлерге барлық мүмкіндіктер жасалған,енді кәсіпті жетілдіру басшының басқару қабілетіне байланысты.

Сонымен, басқару – адамдармен тікелей жұмыс істеу. Басқарудың тікелеймақсаты – ұжымныңбірлескенкүш-жігерінүйлестіружәнеоныңмүшелерініңжоспарланғаннәтижегежетугеарналғанбірлескеніс-әрекетінқамтамасызету. Адамдармен жұмыс істеу өнері туа пайда болмайды, оның өзі өмір бойы, өмір тәжірибесінің, өзімен өзі жұмыс істеудің, сан салалы білім алудың нәтижесінде қалыптасады. Басшы мен ұжым бір – бірімен тығыз байланысты, олар өзара байланысты әрі бірін-бірі жетілдіріп отырады. Басшының ұжыммен қарым-қатынасы көбінесе оның жеке басына және де сол ұжыммен ынтымақты, дұрыс жұмыс істей білуіне байланысты.

Басқару жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, ынталандыру сияқты қызметтерді де атқарады. Басшы маңызды шешімдер қабылдап, оларды жүйелі орындауы қажет. Осылар жүзеге асса кәсіпкерлік дамиды. Нәтижесінде, халық жұмыспен қамтамассыз етіліп тұрмыс жағдайын көтере алады, экономикамыздың корсеткіштері өседі.

**Әдебиет:**

1. Есімова Ш.А. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі: теория және тәжірибе. -Астана, 2012 ж.

2. Қ.Б.Бердалиев, С.Ы.Өмірзақов, Б.Қ.Есенғазиев, Қ.Р.Ерғалиев. Басқару негіздері. - Алматы: Экономика, 1997. – 189б.

3. А.С.Сейдахметов, К.Ж.Елшибекова, А.К.Измаханова. Кәсіпкерлік: оқулық. – Алматы: Экономика, 2011. -344б.

4. Мочерный С.В., Некрасова В.В. Основы организации предпринимательской деятельности: Учебник для вузов / Под общ. ред. проф. С.В.Мочерного. – М.: Приориздат, 2011. -224с.

5. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012 ж.

6. Жеке кәсіпкерлік туралы Қазақстан Республикасының Заңы. -Егемен Қазақстан, -2006 жыл, 7-ақпан

7. «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 жарлығы. -http://adilet.zan.kz/

# ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА МАЛОГОИ СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В КАЗАХСТАНЕ

***Шайханова Г.С.***
Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: g.shaikhanova@mail.ru

В настоящее время особое внимание уделяется вопросам развития малого и среднего бизнеса, и государство принимает непосредственное участие путем оказания поддержки их развития, как финансовыми, так и нефинансовыми инструментами. Основными регулирующими документами являются государственные программы: «Дорожная карта бизнеса 2020» [1], «Государственная программа индустриально-инновационного развития 2015-2019 годы» [2].

В ежегодных Посланиях Президента Республики Казахстан отражаются вопросы развития бизнеса в стране, повышения выпуска продукции обрабатывающей промышленности, совершенствования инструментов поддержки массового предпринимательства и др.

В Послание народу «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» одним из приоритетов является «кардинальное улучшение и расширение бизнес-среды» с целью обеспечения к 2050 году вклада малого и среднего бизнеса в ВВП страны не менее 50% [3].

В настоящее время, согласно последним статистическим данным по состоянию на 2015 год вклад малого и среднего бизнеса в ВВП страны составило 24,9% (рисунок 1). В целом за последние 10 лет отмечается постепенный рост доли вклада МСБ в ВВП страны и такими положительными темпами есть возможность достичь планируемого значения в 50%.




Рисунок 1 – Доля малого и среднего бизнеса в ВВП страны, % [4]

Вместе с тем, по итогам 2016 года, отмечается снижение количества действующих субъектов на 4,5%, численности занятых на 0,8%, выпуска продукции на 5,8% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.